

Салааралық кешендер:

1. Қазақстан шаруашылығы
2. Отын энергетика
3. Құрылымдық материалдар
4. Машина жасау
5. Агроөнеркәсіптік кешен
6. Инфрақұрылым

9 сынып, II бөлім

1. Қазақстан шаруашылығына сипаттама:

- ▶ Шаруашылықтың даму жолдары:
- ▶ *Интенсивті* - өндірістің тиімділігін арттыру үшін жұмсалатын қаржы мен еңбектің артуына байланысты ресурстарды анағұрлым тиімді пайдалануға негізделген, ғылыми техникалық прогреске сүйенген даму жолы
- ▶ *Экстенсивті* - қаржыны, еңбеті аз жұмсайтын, аз механикаландырылған қарапайым даму жолы.

Қазақстан шаруашылығының салалық құрылымы

Шаруашылықтың салалық құрылымы

Өндірістік салалар

- Отын
- Электр энергетикасы
- Түсті металлургия
- Қара металлургия
- Машина жасау
- Химия
- Құрылыс материалдары
- Ауыр
- Өнеркәсіп
- Жеңіл
- Тамақ
- Тоқыма
- Былғары
- Аяқкиім
- Полиграфиялық

- Ауыл шаруашылығы
- Мал шаруашылығы
- Өсімдік шаруашылығы
- Құрылыс
- Сауда
- Көлік және коммуникация

- Теміржол
- Әуе
- Автомобиль
- Су
- Құбыр
- Телекоммуникация

Өндірістік емес салалар

- Білім беру
- Мәдениет
- Өнер
- Ғылым
- Дене тәрбиесі және спорт
- Демалыс мекемелері
- Денсаулық сақтау
- Тұрмыстық қызмет көрсету
- Коммуналдық шаруашылық
- Тұрғын үй
- Қоғамдық тамақтандыру

Өнеркәсіп - республика шаруашылығының жетекші саласы, өндірістік құралдар мен тұтыну заттарын шығарады:

▶ **Өндіруші**

- ▶ Кен өндіру, балық аулау, ағаш даярлау, яғни керекті шикізатты дайындайды.
- ▶ Қазақстанда өндіруші өнеркәсіп үлесі 15%
Ресейде 23%
- ▶ Дамыған елдерде 2-3%

Өңдеуші

Дайын шикізаттарды өңдеп дайын бұйым шығарады
Қазақстанның керекті сұранысын қанағаттандыра алмайды, сондықтан дайын өнімдерді еліміз сатып алады.
Көмір, мұнай, тамақ, жеңіл өнеркәсіптерді өңдеу дамыған.

Елімізде ауыр өнеркәсіп жетекші орында, оған бүкіл өнеркәсіптің (А) 75% кіреді, ал жеңіл өнеркәсіптің (Б) 25% тиесілі.



- ▶ 2008 жылдың маусым айында Қазақстан Қашаған, Қарашығанақ мұнай газ компанияларын, Қазақмыс, Богатырь компанияларын мемлекетке қайтарды.
- ▶ Маңғыстаумұнайгаз компаниясының акциясының 51% Қазақстанға өтті.
- ▶ Еліміздегі 92% шаруашылықтың: 40% саудаға, 10% өнекәсіпке тиесілі болды.

▶ **ҒТР дәуірінде өнеркәсіпті дамытуда :** *шоғырландыру*

▶ *құрамдастыру*

▶ *мамндандыру*

▶ *кооперативтендіру* ұйымдастыру

түрлері орын алды. Бұл өнеркәсіпке интенсивті жолда дамуға мүмкіндік берді.

▶ **Өндірісті орналастыру факторлары** - дегеніміз шаруашылық нысандарын, салалар құрылымын, аудандық ұйымдастыруды, орналасу орнын айтарлықтай ұтымды таңдау жағдайлары.

▶ **Өндірістің орналасуына әсер ететін факторлар:** *ҒТР кезеңіне дейін пайда болған* (ескі: аумақтық, экономикалық географиялық жағдай, көлік, еңбек ресурсы) және *ҒТР кезеңінде пайда болған жаңа факторлар* (ғылымды қажетсіну, экологиялық факторлар)

2. Отын энергетикалық кешендер

- ▶ Энергия алуға болатын табиғи ресурстарды **энергетикалық ресурстар** деп атайды.
- ▶ Олар:
- ▶ **Отын ресурстары** (көмір, мұнай, газ, тақтатас), **су ресурстары** (судың құлау күші) және **ядролық энергия**.



Мұнай өнеркәсібі:

- ▶ Қазақстан мұнай өндіруден 10 орында, өңдеуден 11 орында
- ▶ Мұнай өңдеуге және өндіруге мамнанданған. Мұнай шикі күйінде пайдаланылмайды:
- ▶ Отын: бензин, дизель, керосин, химиялық өнімдер.
- ▶ Мұнай өңдеу барысында мазут алынады, ол электростансыларда, металлургия пештерінде отын ретінде
- ▶ Мұнайдың соңғы қалдығы гудрон жол құрылысында пайдаланылады.
- ▶ **Мұнайды өңдеу барысындағы газ химиялық шикізат:** синтетикалық каучук, талшық, спирт, пластмасса т.б өнімдер алынады.
- ▶ Мұнайдың үлкен 14 алабы бар, олар Атырау Ембі, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды, Оңтүстік Торғай мен Каспий қайраңында шоғырланған.
- ▶ Қазақстан мұнайының 90% Теңіз, Қашаған, Өзен, Жетібай, Қаламқас кен орындары береді
- ▶ Мұнайдың қоры 13 млрд т , ол әлемдік қордың 3.3% береді.

- ▶ 1899ж Ембіде, 1911 жылдан Доссорда, 1915жылдан бастап Мақат кен орнында өндіріле бастаған.

▶ Мұнай алаптары мен кен орындары

- ▶ Қазақстан экспортының 60% мұнай береді
- ▶ **Каспий қайраңы:** Қашаған, Құрманғазы, Ақтоқты, Шаған, Қайраң кендері
- ▶ **Теңіз (Атырау облысы):** Теңіз және Королев кен орындары. АҚШтың Шеврон компаниясы игере бастаған. Теңіз - Новосибирск мұнай құбыры іске қосылды.
- ▶ **Маңғыстау:** Өзен, Жетібай, Бозашы, Қаламқас, Қаражамбас. Бұл кен орындағы мұнайдың құрамында парафин көп (18-20%). Парафині бар мұнай жылдам қатады, сондықтан оны құбырмен тасымалдау үшін сол құбырды жылытады.
- ▶ **Қызылорда және Қарағанды:** Құмкөл кен орны. ПетроҚұмкөл біріккен кәсіпорны өндіруде. Шымкен мұнай өңдеу зауытына мұнай жеткізеді.

- ▶ **Қазақстандағы 3 мұнай өңдеу зауыты бар:** Атырау, Павлодар, Шымкент
- ▶ **Атырау мұнай өңдеу зауыты:** Атырау Ембі және Маңғыстау мұнайын өңдейді. Мұнай құбырдары: Жетібай - Ақтау - Атырау. Мұнай сапасы өте жоғары, парафині аз.
- ▶ **Павлодар мұнай өңдеу зауыты:** Батыс Сібір мұнайын өндіреді. Омбы – Павлодар - Шымкент құбыр жолы арқылы тасымалданады.
- ▶ **Шымкент мұнай өңдеу зауыты:** Батыс Сібір және Құмкөл мұнайымен жұмыс істейді.

Мұнай өндірудің еліміздегі өнеркәсіптерге 28%, ал, шетелдік инвесторлар 72% өндіреді: Қытай, АҚШ, Ресей, Еуропа.

Ірі шетелдік компаниялар: Ексон Мобил, Шеврон, Аджип, Статойл, Шелл, Тотал, Впекс, Филипс, Лукойл, Оманоил, ЭНИ

Газ өнеркәсібі

- ▶ Қазақстан отын энергетика кешенінің ең жас саласы. Ең таза , толық жанатын, ауаны ластамайтын, құбыр жолымен тасымалданатын отын түрі.
- ▶ Газдың жалпы қоры 6 трлн м3.
- ▶ Газ қорынан ДЖ 14 орында, ТМД-да (Ресей, Түркменстан, Өзбекстан) 4 орында.
- ▶ **Кен орындары:** Қарашығанақ, Имаш, Жаңажол, Батыс Прорва, Тасболат, Шынар, Өзен, Үстірт
- ▶ Газдың 98% Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау орналасқан.
- ▶ Қазақстан газының 70% Қарашығанақ береді. Ол 1980ж бастап игерілуде.
- ▶ **Газ өндірісіндегі инвесторлар:** ЭНИ(Италия), Бритишгаз, Шеврог, Тексако (АҚШ), Лукойл (Ресей).
- ▶ Қарашығанақ газы Ресейдің Орынбор қаласында өңделеді.
- ▶ **Газ өңдеу зауыттары:** Атырау(Теңіз), Ақтөбе(Жаңажол), Жаңаөзен қаласында.
- ▶ Жамбыл обл, Амангелді газ кені игеріліп Тараз қаласына газ беруде.
- ▶ Қызылордада Ақшабұлақ кені игеріліп, облыс орт. Газбен жабдықтауда.

Көмір өнеркәсібі

- ▶ Өмір еліміздегі отынның негізгі түрі. Қоры 176.6 млрд т, 100 ден астам кен орны бар.
- ▶ Көмір қорынан ДЖ 8 орын, ТМД-да 3 орын алады(Ресей мен Украинадан кейін).
- ▶ Көмір өндіруден ДЖ 8 орын, ТМД-да 3 орын алады(Ресей мен Украинадан кейін).
- ▶ Ірі көмір алаптары: Қарағанды, Екібастұз, Торғай.
- ▶ Кокс сапасы жоғары таскөмірден алынады.
- ▶ Кокс таскөмірді жоғары температурада ауа жібермей қыздырудың нәтижесінде алынатын отын түрі.
- ▶ **Көмір алаптары және кен орындары:**
- ▶ Павлодар облысы: Екібастұз, Майкөбен
- ▶ Қарағанды облысы: Қарағанды, Шұбаркөл, Бөрілі
- ▶ Шығыс Қазақстан: Қаражыра

▶ **Қарағанды көмір алабы**

- ▶ 1831ж алғаш рет Апақ Байжанов тапқан.
- ▶ Еліміздегі жоғары сапалы көмір кен орны.
- ▶ Геологиялық қоры 51млрд т. ауданы 3 мың км². терендиги 50-300м. Комир калыңдыгы 1.5-15м. Жабық әдіспен алынады көмір
- ▶ Елімізде өндірілетін көмірдің 45% осы алапқа тиесілі.

▶ **Екібастұз көмір алабы**

- ▶ Ашық әдіспен ең арзан көмір өндіретін алап.
- ▶ 1867ж Қасым Пішенбаев ашқан.
- ▶ Геологиялық қоры 12млрд т, көмір қабаты қалыңдығы 100-120м.
- ▶ Жылына 50 млн т көмір өндірілетін ең ірі ашық карьер **БОГАТЫРЬ** кен орны жұмыс істейді. Кен орындары: **Центральный, Восточный, Северный, Степной.**
- ▶ Ашық әдіспен көмір өндіру ,оның бағасын арзандатады,бірақ күлі көп болғандықтан, жақын маңдағы электростансыларда ғана қолданылады.

- ▶ **Қаражыра көмір кен орны.**
- ▶ Қоры 1 млрд т, кенді ашық әдіспен алады. Жергілікті жерді қамтамасыз етіп, Қытайға экспортқа шығарады.
- ▶ **Қостанай обл. Торғай алабы кен орындары:** Приозер, Обаған, Құсмұрын
- ▶ **Төменгі Іле қоңыр көмір алабы**
- ▶ **Көмірді өндіруші компаниялар:**
- ▶ Богатырь Аксес Көмір, (АҚШ), Восточный разрез, Еуразия энергетикалық корпорациясы, Майкөбен Вест, Арселор Миттал Теміртау, Қазақмыс корпорациясы;
- ▶ Қазақстан көмірін тұтынушылар: Ресей, Украина, Румыния, Чехия, Польша, Эстония, Түркия.



- | | | | | |
|---------------------|----------------------|-------------------------------|-----------------------------|---------------------|
| ▲ Мұнай өндіру | ■ Таскөмір өндіру | ⚡ Жылу электрстансысы | ⚡ Су электрстансысы | —○— Газ құбырлары |
| ⊙ Мұнай өңдеу | ■ Қоңыр көмір өндіру | ⚡⚡ Жылу электрстансылары тобы | ⚡⚡ Су электрстансылары тобы | — Электр желілері |
| ⚠ Газ өндіру, өңдеу | | ⚡ Атом электрстансысы | | —○— Мұнай құбырлары |

Қазақстанның отын-энергетикасы картасы

Электр энергетикасы - энергия мен жылуды көп қажет ететін (алюминий, магний, титан) өндіріс маңында салынады: ЖЭС, СЭС, АЭС.

- ▶ **Жылу Электр Стансасы (ЖЭС)**
- ▶ Республикамызда өндірілетін энергияның 87.7% жылу электр стансыларына тиесілі. Бұл ЖЭС керек отын түрлерінің тоқтаусыз өндірілуімен түсіндіріледі.
- ▶ ЖЭС көмір, газ, мазут арқасында жұмыс істейді.

ЖЭС:

Мемлекеттік аудандық электростансылары (МАЭС)

Екібастұз көмірі негізінде жұмыс істейтін МАЭС-1 МАЭС-2 жұмыс істейді.

Павлодар обл. Ақсу МАЭСі Ақсу ферроқорытпа зауытын қамт. етді
Қарағандыда МАЭС, Таразда МАЭС.

Жылу Электр орталығы (ЖЭО) (ыстық су, бу)

Жақын маңдағы қала, зауыттарды ыстық сумен, жылытумен, бумен қамтамсыз етеді.

▶ **Су Электр Стансасы(СЭС)**

- ▶ Электр энергиясының 12.3% СЭС береді, 32 СЭС бар.
- ▶ Қазақстан СЭСтен ТМД Ресей, Тәжікстаннан кейін 3 орында.
- ▶ Мұндай стансылар таулы аудандарда өзендердің құлау күшіне негізделініп салынады.\
- ▶ СЭС ресурсы жылына 170 млрд кВт электр эн алуға мүмк.береді.

▶ **Қазақстандағы СЭСтер:**

- ▶ 1. Өскеменде, Ертіс бойында ең қуатты ШҮЛБІ СЭСі бар
- ▶ 2. Іле өзенінде Қапшағай СЭСі
- ▶ 3. Сырдарияда Шардар СЭСі
- ▶ 4. Алматы облысы, Шарын өзенінде Мойнақ СЭСі
- ▶ 5. Кенді Алтайда: Үлбі, Хайрюзовск, Тургусунск, Тишинск.


▶ **Атом Электр Стансасы(АЭС)**

- ▶ Ақтау Қаласында еліміздегі жалғыз АЭС орналасқан. ОТЫНЫ УРАН.
- ▶ АЭСтің энергиясын Каспий суын тұщыландыруға қолданған.
- ▶ 1999ж атом реакторы жабылып, бұл АЭС (ЖЭО) айналған.

▶ **Балама энергия көздері:**

- ▶ Қазақстанда жел және күн энергиясын пайдалануға мүмкіндік бар
- ▶ Жел қондырғылары қарапайым, 60 қондырғыға 1 адам бақылау жасайды.
- ▶ 2011ж алғаш рет Жамбыл облысы Қордай ауданында жел стансысы іске қосылды.
- ▶ Жел элетростансыларын Ақмола, Жоңғар қақпасы, Алматы облысына қондырса болады.

Электр энергиясын пайдалану



3. Құрылымдық материалдар өндірісі:

Металлургия

Қара металлургия

Қазақстанда қара металлургия 1938ж қаланды.

Толық циклді және қайта қорыту өндіріс орындары болады.

Қара металлургия темір кенін өндіріп, шойын, болат, прокат жасап шығарады.

Өнімдері: темір, марганец, хром, кремний.

Негізгі шикізаты темір.

Қара металдың қасиеті ұрамындағы көміртектің аз не көп болуына байланысты:

2% аспаса болат. 2%-6% арасы болса шойын.

Болаттан дайын өнім прокат алынады.

Темір кен орындары: Қостанай алабы (Соколов Сарыбай, Лисаков, Қашар, Әйет), Орт.Қ (Атасу, Қаражал)

Соколов Сарыбайды М.Сургутанов 1949ж ашты. Өндірілетін темірдің 90% ыереді.

Түсті металлургия

Алтайдағы ірі кен орындары: Березов, Николаев, Риддер, Зырян, Белоусов, Крюков, Сокол ашылды.

Коррозияға төзімді: қалайы, қорғасын, никель;

Ыстыққа төзімді: титан;

Электрөткізгіш: алюминий, мыс, күміс.

Түсті металдар тобы

Металдар				
Ауыр	Жеңіл	Қымбат бағалысы	Баяу балқитын	Сирек, шашыранды кездесетін
Мыс	Алюминий	Алтын	Вольфрам	Уран
Қалайы	Магний	Күміс	Молибден	Германий
Қорғасын	Титан	Платина		Тантал
Мырыш				Галлий
Никель				Ванадий
				Селен
				Теллур
				Цирконий

- ▶ **Темір** қорыынан Қазақстан 8 орында, ал ТМДда 3 орында. Темір ашық әдіспен алынады.
- ▶ Теміртау қаласында толық циклді қара металлургия комбинаты жұмыс істейді «арселор Митал Темитрау»

Қарағанды металлургия комбинатын Британиялық ИСПАТ фирмасы басқарады.

Ақтөбе облысында Кемпірсайда **никель, хром** негізінде Ферроқорытпа зауыты салынды: өнімі: феррохром.

Хромнан 1 ТМДда орын, ДЖ 2 орын.

Ақсу ферроқорытпа зауыты да бар.

Марганец кен орны: Жезді, Қаражал, ҮШҚатын. Марганецтен ТМД Ураинадан кейін, ал ДЖ АҚШ пен Украинадан кейін.

1. Ауыр түсті металдар: Мыс, қорғасын, қалайы, мырыш, никель

Мыс жетекші орын алады. Машина жасау саласында қолданылады.

Қоры жөнінен ДЖ 3 орын, өндіруден 4 орында.

Кен орындары: Жезқазған, Саяқ, Ақтоғай, Қоңырат, Бозшакөл, Жыланды, Ұлытау. Қ. Сәтбаев Жыланды жерін ашты.

Мыс + қалайы = қола

Мыс + никель = мельхиор

Мыс + алюминий = дюралюминий

Мыс + мырыш = жез

Мыс кені - мыс колчеданы деп аталады

Мыс балқыту комбинаттар: Жезқазған және Балқаш

Мыс өндіру компаниялары: Қазақмыс, Қазақмырыш, Ақтөбе мыс компаниясы, Майқайың, Текелі.

Жезқазған түсті металл акционерлік қоғамы Оңтүстік Кореяның Самсунг комп. басқаруында.

Мыс экспортталады: Италия, Германия.

- ▶ **Қорғасын мырыш кендері:** ШҚ, Оң. Қ, Орт. Қ таралған. Табиғатта басқа элементтермен қоспа аралас күйінде кездесетіндіктен полиметалл деп аталады.
- ▶ Кенді Алтай полиметалл кені = Өскемен қорғасын мырыш зауыты, Риддер полиметалл комбинаттары
- ▶ Қаратаудағы Мырғалымсай, Ащысай, Байжансай = Шымкен қорғасын зауыты
- ▶ Жәйрем полиметалл комбинаты, Зырян полиметалл комбинаты.

- ▶ **Мырыш** 16 кен орны бар. Өндіру бойынша ДЖ 4 орын.
- ▶ 3 мырыш зауыты бар: Қазмырыш компаниясы (Өскемен, Риддер), Қазақмыс (Балқаш).
- ▶ Мырыш экспортталады: Нидерланды, Түркия, Италия, Украина, Қытай.
- ▶ **Қорғасын** экспортталады: Ресей, Испания.

- ▶ **Никель - кобальт** 30 кен орны бар. Қостанайда Шевченко кені
- ▶ **Қалайы** бізде өндірілмейді, біз оны импорттаймыз, Оны Теміртау өңдейді.

▶ **2. Жеңіл түсті металлургия:** алюминий, магний, титан (Ғарыш техникалары, электр энергетикасы, ұшақ жасау саласында)

▶ Жеңіл түсті металлургия электр энергиясына жақын орналасады: Павлодар алюминий зауыты.

▶ **Алюминий шикізаты:** боксит, алунит, нефелин, сиенит.

▶ **Боксит** Арқалықтан өндіріліп, Павлодар зауытында өңделеді.

▶ **Нефелин** Екібастұз өмірі құрамынан ажыратылып алынады.

▶ Глинозем - алюминий оксиді. Одан ары қарай таза алюминий алады.

▶ Павлодардағы Қазақстан электролиз зауыты алюминий Лондон биржасында сапа эталоны ретінде тұр және Екібастұз МАЭС арзан энергиясы нәтижесінде жұмыс істейді.

▶ **Титан магний**

▶ Кен орындары: ШҚ Жайсан көлі Кендірлік титан кені

▶ ДЖ титанның 14% бізде өндіріледі.

▶ Магний АҚШ экспортталады.

▶ **3. Баяу балқитын :** вольфрам, молибден, ванадий

▶ **Вольфрам** ДЖ 1 орын,

▶ Кен орындары: Қараоба, Ақшатау, Бұғыты, Шығыс Қайрақты, Көктіңкөл

▶ Жамбылда өңделеді.

▶ **Молибден** 30 кен орны бар: Шар, Қызылту селеті

▶ **Ванадий** Қаратауда өндіріліп, Ресейдің Чусовск елді мекеніне жөнелтіледі.

- ▶ **4. Бағалы металдар** : алтын, күміс, платина
- ▶ **Алтын** қоры бойынша ДЖ 7 орында, сапасынан 4 орында. 224 кен орны бар.
- ▶ Кен орындары: Ақбақай, Ақбейіт, Юбилейное, Ақсу, Жолымбет, Бестөбе, Майқайың, Бақыршық.
- ▶ Өскемен қорғасын мырыш комбинатында, Ақмолада шығарады.
- ▶ ТМД Ресей мен Өзбекстаннан кейін 3 орында
- ▶ **Күміс** 100 кен орны бар.
- ▶ кені Алтайда өндіріледі, Жезқазған, Балқаш, Қазақмыс комбинаттарында басқа металдардан бөліп алу арқылы өндіріледі.
- ▶ **5. Сирек және шашыранды металдар:** магний, германий, уран, торий, сынап.
- ▶ Кеннің құрамында сирек және шашыранды металдар 0.001-0.1% мөлшерде ғана кездесетіндіктен, шашыранды деп аталады. Оларды бір бірінен бөліп айырып алу үшін көп энергиямен су қажет.
- ▶ **Уран**
- ▶ ДЖ Аустралиядан сон 2 орында.
- ▶ **Кен орындары:** Оң. Қазақстан (Іңқай кен орны), Ақмола, Қызылорда, Маңғыстау.
- ▶ ОҚ Созақ ауданында Батыс Мыңқұдық кен орнын жапондық Сумитомо корп. игеруді қолына алды.
- ▶ **Галий** Қазақстан алюминий шығарады, Ең таза галий бізде және ол Жапонияға экспортталады.
- ▶ **Висмут** Шымкенте өңделіп, Бельгия, Германия, АҚШ экспортталады.
- ▶ **Рений** Жезқазған сирек металл өндіреді. АҚШ, Еуропа, Шығыс Азия экспортталады.

Химия өнекәсібі:

Химия өнеркәсібінің салалық құрамы



▶ **1. Кен химиясы**

▶ Кен химиясы пайдалы қазбалары: Фосфорит, күкірт, тұз,

▶ **Фосфорит** Жамбылда (Қаратау), Ақтөбе (Шилісай)

▶ **Күкірт** Көкшетау (Алексеевка)

▶ **Астұзы** Арал, Балқаш, Шу бойы

▶ **Калий тұзы** Атырау (Индер көлінде)

▶ Қазақстанда **2. НЕГІЗГІ** химияның 4 саласы дамыған : Күкірт қышқылы, химиялық қосылыстар, Фосфор және минералды тыңайтқыштар.

▶ **Күкірт қышқылын**

▶ шығарады: Жезқазған, Степногор, Тараз. Ол мұнай тазалауда, аккумулятор толтыруда, вискоза талшығын алуға, зиянкестермен күресте қажет

▶ **Фосфор**

▶ Тыңайтқыш, сіріңке, дәрі, азықтық қоспалар жасау үшін қажет. Фосфор тұздары Шымкентте орналасқан.

▶ Фосфоритті Қаратау мен Жаңатаста өндіріп, Тараз бен Орталықт Азияда Суперфосфат зауыты шығарады.

▶ **Азот**


▶ Азот тыңайтқыштарын Ақтау мен Теміртауда шығарады.

▶ **3-4. Полимерлер химиясы (Органикалық синтез химиясы)**

- ▶ Қазақстан шикізат көп болғанымен полимер өнімін көп шығармайды.
- ▶ Ақтау (полистирол), Атырауда (полиэтилен және полипропилен) және 2 пластмасса зауыты бар. Резеңке бұйымы Саранда және Қарағандыда.
- ▶ Қостанайда жасанды және синтетикалық талшық шығарады.
- ▶ Мұнай өңдеу зауыттарында: бензин, мотор, қазандық, отын, авиация керосині өіделеді.

▶ **5. Фармацевтика өнеркәсібі**

- ▶ Қазір елеміздегі дәрідәрмектің 37% отандық.
- ▶ **Қазақстанда 5 ірі фармацевтика фабрикасы бар:** Павлодар РОМАТ, Шымкент Химфарм, Алматы Нобел, Алматы облысы Abdi Ibrahim Global Pharm LLP, Қарағанды фармацевтика зауыты.
- ▶ **Медициналық техника шығаратын:** Ақтөберентген- АҚШ компаниясымен бірге УЗИ аппараттарын шығарады, Шымкент Қазмедприбор, Алматы Меджөндеу,
- ▶ Химия өнеркәсібі ең лас салалардың бірі . Оған топырақ, су , ауа ластануы мысал



Кен-химия өнеркәсібі		Негізгі химия өндірісі		Полимерлік материалдар өндірісі		Басқа салалар	
⊕ Фосфорит	⊖ Ас тұзы	⊕ Фосфор тыңайтқышы	⊖ Азот тыңайтқышы	⊕ Химиялық талшық	⊖ Шина өндіру	⊕ Химия-фармацевтика (дәрі жасау)	⊖ Тұрмыстық химия
⊕ Күкірт	⊖ Хромит	⊕ Күкірт қышқылы	⊖ Фосфор	⊕ Синтетикалық смола	⊖ Резеңке-техникалық бұйымдар шығару	⊕ Лак-бояу	

Қазақстанның химия өнеркәсібі картасы

Орман, Ағаш өңдеу өнеркәсібі

- ▶ Қазақстанда ағаш өнеркәсібі өнша дамымаған, бұл елімізде орман қорының аздығымен байланысты. Ормандар қоры халықтың қажеттілігін өтей алмайды.
- ▶ **Ағаш дайындау**
- ▶ Қазақстанда Орманды жер ауданы – 12.4 млн га, соның 8 млн га сексеуіл.
- ▶ Орман қорының жалпы ауданы 28.8 млн га, аумақтың ормандылығы 4.6%. Ормандылық Қызылорда облысында – 6.7% (сексеуіл ағашының болуымен байланысты), Алматы облысында – 5.2%, ШҚ – 3.7%
- ▶ Ағаш дайындау өнеркәсібі орман ауданымен (12 млн га) және өсіп тұрған ағаш қорымен (375 млн м³) бағаланады. Ағаш дайындау саласының 80% Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс аймаққа тиесілі. Алматы және Павлодар облыстарында даярланады.
- ▶ Сексеуіл Еліміздің оңтүстік оңтүстік батысында шөлді аймақтардатаралған отын түрі.

▶ **Ағаш өңдеу**

- ▶ Ағаш тілу, сіріңке жасау, жиһаз, музыкалық аспаптар жасау, ағаш сүрегін өңдеу жатады.
- ▶ **Ағаш сүрегін өңдеу, тақтайлар, есік қораптары, терезе жақтауларын жасау цехтары:** Өскемен, Семей, Риддер, Көкшетау, Шемонаиха
- ▶ Көкшетауда - жиһаз
- ▶ Қарағанды Осокаровкада музыкалық аспап - домбыра
- ▶ Алматы Үштөбеде - киіз үй жасау бар.
- ▶ Республикада **целлюлоза қағаз саласы**, яғни қағаз және картон шығару дамуда.
- ▶ Жергілікті қамыс пени қоға шикізатында Қызылордада целлюлоза картон комбинаты жұмыс істейді.
- ▶ **Гофроқағаз және гофрокартон шығаратын зауыт:** Алматы облысы Қарасай ауданы Абай кентінде
- ▶ Павлодарда картон рубероид зауыты жұмыс істейді. Ол қағаз және картон шығарады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі

▶ Құрылыс саласы өнімдеріне : цемент, шифер, бетон, арматура, линолеум, еден, ғимараттрады безендіргіш маериалдар, радиатор, конвектор, каолин

▶ **Құрылыс материалдары өнеркәсібі негізгі 3 топқа бөлінеді:**

1. Минералды құрылыс шикізаты (құм, қиыршықтас, гранит, мәрмәр)
2. Ұстастырғыш материал (цемент, әк)
3. Қабырғалық материалдар (бетон құрылымдары)

1. Минералды құрылыс шикізаты (құм, қиыршықтас, гранит, мәрмәр)

Мәрмәр Алматы облысы, Текелі, Жамбыл облысы, Қордай

Алебастр Түркістанда

Әктас Алматы Қаскелеңде, Семей Сажевск стансысында

гипс Ауыл стансысында

Ұлутас Маңғыстау Каспий жағалауы

Саз, гипс, талшықтас СҚ, Оң.Қ, ОРТ.Қ, ШҚ

АҚ САЗ (каолинді саз) Ақмола Алексеев

кварц құмы Ақмола Павлодар

Табиғи асфальт Атырау облысы

гранит Қаскелең

талшықтас Жітіқара

Керамзит және саз Алматы, Шымкент

▶ 2. Ұстастырғыш материал (цемент, әк)

- ▶ **Цемент зауыттары:** Семей цемент зауыты, Қарағанды цемент зауыты, Орталық Азия цемент зауыты, Шымкетцемент, Сазтөбе
- ▶ **Шифер зауыты** Тараз қаласында
- ▶ **Талшықтас цемент** Қарағанды, Семей, Шымкент.

▶ 3. Қабырғалық материалдар (бетон құрылымдары)

- ▶ **Арматура бетон** Қарағанды, Астана, Алматы, Павлодар, Өскемен, Атырау, Қостанай
 - ▶ **Кірпіш зауыты** Алматы қаласы Шонжы елді мекенінде
 - ▶ **Керамикалық кірпіш** Астана, Семей, Хромтау
- ▶ Қазақстанның ірі құрылыс материалы аймақтарының бірі Алматы қаласы. Мұнда 27 ірі компания бар: Базис-А, Алматықұрылыс, СЕРТ.

4. Машина жасау кешені

- ▶ Қазақстанның машина жасауда негізгі әріптесі Ресей.
- ▶ **Сосын:** Германия, Қытай, АҚШ, Жапония, О КОРЕЯ.
- ▶ Семей қаласын да СеМАЗ Камаз шығаратын , О. КОРЕЯлық Daewoo bus корпорациясы бар
- ▶ **Қазақстанда жеңіл автомобиль шығаратын 2 мекеме бар:**
 - ▶ 1. АзияАВТО (Өскемен)- KIA/ CADILLAC/ SKODA/ LADA/CHEVROLET
Ең алғашқы шығарған машинасы НИВА болған.
 - ▶ 2. Агромашхолдинг (Қостанай) - Ssang young/ Chance/ IVECO/ УАЗ.

МАШИНА ЖАСАУ КЕШЕНІНІҢ САЛАЛАРЫ

Ауыр машина жасау

Алматы ауыр машина жасау зауыты
Қарағанды кен-шахта зауыты
Өскемен “Шығыс-маш” зауыты
“Атыраумұнаймаш” зауыты
Кентау экскаватор зауыты
Шымкент пресс-автомат зауыты
Петропавл ауыр машина жасау зауыты
Алматы “Камаз” құрастыру зауыты
Алматы металл кесу құрылғылары зауыты
Орал машина жасау зауыты (“Зенит”)
Атбасар электровоз зауыты
Астана тепловоз зауыты
Баутино кеме жөндеу зауыты

Орташа машина жасау

Астана “Қазақ ауыл-техника” зауыты, Степногор “Астана ауылмаш” зауыты
Павлодар трактор зауыты
“Ақтөбе ауылмаш” зауыты
Макин қосалқы бөлшектер зауыты
Қостанай “Агро-маш-холдинг” АҚ
Алматы “Іскер-ГАЗ” кәсіпорны
Өскемен “Азия Авто” зауыты
Қостанай “Сарыарқа АвтоПром” ЖШС

Білдек жасау

Алматы білдек жасау зауыты
Алматы поршень зауыты

Электротехникалық машина жасау

Ақтөбе рентген аппаратуралары зауыты
Алматы электротехника зауыты
Көкшетау оттектену алу аппаратурасы зауыты
Алматы төменгі вольтты аппаратура және электр жабдықтары зауыты
Өскемен конденсатор зауыты
Семей кабель зауыты
Талдықорған аккумулятор зауыты
Кентау трансформатор зауыты
Шымкент жоғары вольтты аппаратура зауыты
Қарағанды электрлі мотор зауыты

Өртүрлі машина түрлерін жасау

Көкшетау таразы зауыты
Степногор мойынтірек зауыты
Тараз “Автобөлшек”, “Коммунамаш” зауыттары
Орал механикалық жол-құрылыс құралдарын жасау зауыты
Петропавл шағын литражды қозғалтқыш зауыты
Жосалы механика зауыты
Астана сорғы зауыты

Машина жасау кәсіпорындарындағы негізгі сипаттар

Артықшылықтары:

1. Ішкі сұраныстың бірінші кезекте жамама салалар тарапынан артуы.
2. Көліктік және энергетикалық инфрақұрылымның негізгі өндірістік кластерде болуы.
3. Ірі кәсіпорындарда өндірістік инфрақұрылымның болуы.
4. Қолда бар машина жасау кәсіпорындары.

Мүмкіндіктері:

1. Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен Кеден одағына кіруіне байланысты нарықтың кеңеюі.
2. Белгілі бір салада көшбасшы болып табылатын АҚШ және Еуропа компанияларымен бірлескен кәсіпорындар құру есебінен технологиялар трансферті (дағдарыс мүмкіндіктерін қолдана отырып).
3. Елдің ішкі және халықаралық кооперацияларының дамуы, соның ішінде әлемдегі ірі шикізат және төменгі шектегі құрамдас базаларды жеткізушілер ретінде Ресей және Қытайға көршілестікті пайдалану.

Кемшіліктері:


1. Ішкі нарықтың салыстырмалы түрдегі аз көлемі.
2. Білікті мамандар тапшылығы, соның ішінде мамандардың шетелге кетуі.
3. Қазақстанның машина жасау өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі (негізгі қорлардың тозуы, т.б.).

Қауіп-қатерлер:

1. Шикізат тауарларына баға мен сұраныстың және өз кезегінде Қазақстанның машина жасау өніміне ішкі сұраныстың қысқаруына әкелетін әлемдік дағдарыс.
2. Басқа елдердің машина жасау кәсіпорындары тарапынан бәсекелестік.
3. Білікті мамандардың жас шамасының ұлғаюы.

5. Агроөнеркәсіптік кешен

Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі салалары



2. Ауыл шаруашылығы

- ▶ Ауыл шаруашылығының ерекшелігі ол табиғатқа тәуелді: Құрғақшылық, жел эрозиясы, су иапшылығы, топырақтың тұздануы, мен батпақтануы
- ▶ Табиғаттың келеңсіз апаттары алдын алу мақсатында: топырақты құнарландыру шаралары жүргізіледі.
- ▶ **Мелиорация** (лат. жақсарту) = ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жерді құрғату немесе суландыру.

- ▶ **Ауыл шаруашылығы**

- ▶ **1. Өсімдік шаруашылығы**

- ▶ **2. Мал шаруашылығы**

15-диаграмма

Жалпы жер қорының көлемі, млн га



жалпы жер қоры



ауыл шаруашылығына жарамды жер

► **Өсімдік шаруашылығы**

► Ауылшаруашылық өнімдерінің 50.7% береді.

► **Өсімдік шаруашылығы мәдени дақылдар түріне қарай:** дәнді, техникалық, жемшөптік, бау бақша дақылдары

► Дәнді дақыл шаруашылығы - Республика егіншілігінің басты саласы, оның егіс көлемі 16.3млн.га құрап отыр. Біздің еліміздегі дәнді дақылдар толықтай Қазақстанды және экспортты қамтамасыз ете алады.

► **Оларға:** бидай, арпа, сұлы, жүгері, тары, күріш, қарақұмық жатады.

► **Дәнді дақылдар** **азық түліктік** және **жемшөптік дақылдар** деп екіге бөлінеді. **Азық түліктік дақылдарға:** бидай, күріш, тары, қарақұмық. **Жемшөптік дақылдарға:** жүгері, арпа, сұлы

► **Бидай:** жаздық және күздік бидай

► **Жаздық бидай** ылғалды көп қажет етеді. Қоректік сапасы жоғары, крахмалға, нәруызға бай. СҚ, Қостанай,

► **Күздік бидай:** жоғары сортты ұн, макарон алынады.

► **Тары** құрғаққа төзімді жарма дақылы. Ақтөбе, Ақмола, Павлодар облыстарында жақсы өседі.

► **Жүгері** жылусүйгіш дақылы. Оның дәнінен крахмал, спирт, сірне, май, қағаз, алынады. Мал азық ретінде қолданылады.

► **Жүгері, арпа, сұлы** егістіктері СҚ, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола өседі.

► **Арпа** жылқы мен шошқа шаруашылығына азық

Қарақұмық суды аз ішеді. Павлодар мен Оңтүстік Алтайда өседі.

Күріш Қызылорда облысы Сырдария өзені аңғарында, Алматы облысында Іле өзені (Ақдала массивінде) аңғарында өсіріледі.

▶ **Техникалық дақылдар**

- ▶ Шитті мақта, қант қызылшасы, күнбағыс, темекі, зығыр жатады.
- ▶ *Шитті мақта* бағалы талшықты дақыл: Мырзашөлдегі Мақтааралда, Келес, Арыс Түркістан, Шымкентте өсіріледі. Мақтаның шшитінен май алынады.
- ▶ *Қант қызылшасы* Асы, Талас, Шу, Қаратал, Қырғыз, Іле, Жетісу өсіріледі. Жамбыл және Алматы облыстары қант қызылшасына маманданған.
- ▶ *Күнбағыс* Ертіс өзенінің аңғары, Шығыс Қазақстан, Павлодар,

▶ **Бау бақша шаруашылығы**

- ▶ Алматы, Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Ақтөбе маңында таралған.
- ▶ Шу бойы мен Семейде *қарбыз*
- ▶ Сырдария мен Қазалы аудандарында *қауын* өсіріледі.
- ▶ **Жүзім шаруашылығымен** ОҚ, Жамбыл облыстары, Арыс, Сырдария, Іле және Жетісу

- ▶ **Жемшөптік дақылдар:** мал азығы ретінде өсірілетін шөптесін өсімдіктер: жоңышқа



АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ АУДАНДАРЫ

- | | | | |
|---|--|--|--|
| <p> Астық шаруашылығы, сүтті-етті және етті-сүтті мал шаруашылығы, шошқа өсіру, биязы жүнді қой өсіру шаруашылығы</p> | <p> Биязы жүнді қой өсіру, биік таулы жердегі шалғында жылқыны табындап өсіру, етті-сүтті мал шаруашылығы, астық шаруашылығы</p> | <p> Мақта шаруашылығы мен жүзім өсіру, көкөніс шаруашылығы және сүтті-етті мал шаруашылығы</p> | <p> Қала маңындағы аймақтар (көкөніс, картоп, етті-сүтті мал шаруашылығы, шошқа шаруашылығы)</p> |
| <p> Етті-жүнді қой өсіру, жылқыны табындап өсіру, егін шаруашылығы</p> | <p> Етті-сүтті және етті-жүнді мал шаруашылығы, астық шаруашылығы</p> | <p> Күріш егу, бақша, қаракөл қой шаруашылығы, етті-сүтті мал шаруашылығы</p> | |
| <p> Етті-жүнді қой өсіру мен қаракөл қой шаруашылығы және суармалы егіншілік</p> | <p> Қызылша егу мен көкөніс өсіру және биязы жүнді қой өсіру</p> | <p> Суармалы жер, темекі егу</p> | |

Қазақстанның ауыл шаруашылығы картасы

Мал шаруашылығы

▶ **Қой шаруашылығы**

- ▶ Қазақстанда шөл , шөлейт, дала зоналарында таралады. Өнімі : еті, жүні, терісі.
- ▶ Қаракөл елтірісін шөлді аймақтарда Маңғыстау мен Оңтүстік Қазақстан облысының арнайы маманданған шаруашылықтары өсіріледі.
- ▶ Етті майлы бағытта еділбай қойы Сарыарада өсіріледі.

▶ **Мүйізді ірі қара**

- ▶ Сүтті етті және етті сүтті бағыттағы шаруашылықтарға бөлінеді.
- ▶ Еліміздің солтүстігіндегі дала және орманды дала зоналарында көп таралған.
- ▶ Мүйізді ірі қара етті сүтті бағытта дамытумен ШҚ, Алматы, ОҚ, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан айналысады.

- ▶ **Жылқы шаруашылығы**
- ▶ Қазақстандағы қазақ жылқысы тұқымы өсіріледі

Қазақы жылқы тұқымдарының таралуы

Қазақы жылқы тұқымдарының түрлері	Таралған аудандары	Пайдалану
Жабы жылқысы	Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары	Күш көлігі ретінде
Адай жылқысы	Атырау және Маңғыстау облыстары	Салт мінуге қолайлы, жүрісі жеңіл әрі жүйрік
Көшім жылқысы	Ақтөбе, Алматы және Жамбыл облыстары	Қара жұмысқа, ұзақ жүріске қолайлы
Қостанай жылқысы	Республиканың солтүстік аудандарында, соның ішінде, Қостанай облысы	Салт мінуге, көлік ретінде жегуге қолайлы

▶ **Түйе шаруашылығы**

- ▶ Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, ОҚ облыстары маманданған. Шөлді аумақтарда өмір сүруге маманданған.

▶ **Шошқа шаруашылығы**

- ▶ Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан. Жем комбинаттары маңында орналасады ақ шошқа өсіретін орталықтар.

▶ **Марал шаруашылығы**

- ▶ Шығыс Қазақстан Катонқарағай ауданы . Мүйізінен құнды дәрі дәрмек алынады.

▶ **Құс өсіру шаруашылығы**

- ▶ Әрбір қала , кәсіпорындар маңынд орналасады. Жұмыртқа мен құс еті өндіріледі. СҚ, ОРТ. Қ, Оңт. Қ аймақтарында айналысады.

▶ **Омарта шаруашылығы**


- ▶ Алтай, Жетісу Алатауы, Тянь Шань, Шығыста Путницево омарта шаруашылығы бар.

▶ **Жібек құрты шаруашылығы**

- ▶ Оңтүстік Қазақстанда мақтамен қосымша өсіріледі. Олар тұт ағашы жапырағымен қоректенеді. Одан жібек талшығы алынады.

Тамақ өнеркәсібі

- ▶ Ет, ұн тарту, жарма, қант өнімдері, балық, кондитер, шарап жасау салалары дамыған.
- ▶ Тамақ индустриясын тұтынушыға жақын және шикізат көзіне жақын орналасады.



▶ **Ет өнеркәсібі**

- ▶ Ет өнімдерін тұтыну жан басына шаққанда 50.3 кг-ды құрайды.
- ▶ Ет комбинаттары: Семей, Петропавл, Орал, Алматы, Қызылорда.
- ▶ Негізгі ет өнімдерін шығаратын аудандар: Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан.


▶ **Ұн тарту жарма өнеркәсібі.**

- ▶ Нан, макарон, жарма, ұн өнімдері жатады.
- ▶ Ұн тарту: Астана, Тараз, Қапшағай, Қостанай комбинаттары
- ▶ Макарон зауыттар: Алматы, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Семей.

▶ **Қант өнеркәсібі.**

- ▶ Шикізат көзіне жақын орналасады, ұзақ сақтауға шыдамайды.
- ▶ Қант пен құмшекер алыады. 1т құмшекер алу үшін 6-9т қант қызылшасы керек.
- ▶ Қант зауыттары: Жамбыл, Алматы облыстары, Қазақстанға қант құрағы Бразилия, Аргентна, Аустралиядан келеді.


Мал шаруашылығының негізгі өнім түрлерінің көрсеткіші, 2011 ж.



Мал шаруашылығының негізгі өнім түрлері

Өнім түрлері	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Ет өнімдері, мың т	808,6	838,7	874,2	896,9	937,4	1653,3
Сүт өнімдері, мың т	4926,0	5073,2	5198,0	5303,9	5381,2	5186,2
Жұмыртқа, млн дана	2494,7	2664,2	2989,1	3306,4	3720,3	3700,9

- ▶ **Сүт өнімдері өнеркәсібі.**
- ▶ Тез бұзылатын өнім болғандықтан, алысқа тасу тиімсіз. Сондықтан әр қаланың маңында орналасқан.
- ▶ Ірі сүт зауыттар: Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Шымкент.
- ▶ **Май шайқау, Сыр қайнату:** Орталық, Оңтүстік Қазақстан.
- ▶ **Күнбағыс майын** Шығыс Қазақстан, Павлодарда, Өскеменде, мақтадан щитті майды Оңтүстік Қазақстан өндіреді.
- ▶ **Балық өнеркәсібі**
- ▶ Каспий теңізі маңында және Атырау облысы аңында шоғырланған.
- ▶ Қара уылдырық алатын бекіре, итбалық, қызылбалық ауланады.
- ▶ **Балық өңдеу зауыттары:** Атырау, Баутино, Балықшы, Зайсан, Приозерный, Балқаш.
- ▶ **Кондитер тағамдары:** Рахат Алматыда, Баян сұлу Қостанайда, Қарағанды кондитер
- ▶ **Шарап жасау:** жүзім көп өсірілетін алматы, Оңтүстік Қазақстанда
- ▶ **Темекі өндіретін:** Алматыда Филип Моррис Қазақстан кәсіпонуы.



Тамақ өнеркәсібі өнімдерінің негізгі түрлерінің құрылымы

Жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп құрылымы

Шикізат өндірісі	Жартылай дайын өнімдер	Дайын өнімдер
Мақта Шитті мақта	Жіп иіру Тоқыма	Тігін Тоқылған бұйымдар (трикотаж)
Мал терісі	Былғары Тері	Кілем Аяқкиім Галантерея

Жеңіл өнеркәсіп құрамына кіретін өнімдер

- ▶ **Тоқыма өнеркәсібі**
- ▶ Негізгі шикізаты мақта мен жүн. Ішкі нарықтың 10% қамтамасыз етеді.
- ▶ Жүни жуу кәсіпханалары: Семей, Тараз. Ірі әсіпорны: АММК-ОЗАТ АҚ
- ▶ **Мақта мата өнеркәсібі**: шыт, бөз, түкті, мата, дәке.




Жүннен мата тоқитын өнеркәсіп:

Қарғалы мен Қостанайда орналасқан.

Былғары тері илеу: Орал, Қызылорда, Тараз, Қостанай

Аяқ киім: Алматы, Семей, Тараз, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Талдықорған.

Фарфор фаянс: Астан мен Қапшағайда орналасқан.



Қазақстанның жеңіл және тамақ өнеркәсіптері картасы

Инфрақұрылым кешені: Қазақстанның көлік кешені

- ▶ **Теміржол көлігі.**
- ▶ Қазақстан көлігінің басты түрі. Жүкті тасу сен автомобиль көлігінен кейінгі екінші орынды алады . Еліміз даласында ең алғашқы теміржол 1894 жылы қазан айында іске қосылды . Бұл тар табанды Покровская Слобода — Орал арасындағы жол еді .
- ▶ Теміржол көлігі климат жағдайына қарамай жыл бойы үздіксіз жұмыс істейді . Жүк пен жолаушыны алыс қашықтыққа жеткізеді .
- ▶ Теміржол торабының аймақтық дамуы Солтүстік - Оңтүстік Ресей - Орталық Азия) және Шығыс - Батыс (Оңтүстік — Шығыс Азия , Қытай Еуропа) бағыттарды қамтиды

- ▶ Еліміздегі теміржолдардың ішінде республикааралық маңызы бар **Боилық бағыттағы 3 магистральды атауға болады.**
- ▶ Батыс аудандар арқылы өтетін ескі теміржолдың бірі –
- ▶ **1. Орынбор Ташкент теміржолы .**
- ▶ Бұл жолдың Қазақстанның батыс және стік аудандарын байланыстыруда , табиғат байлықтарын игеруде , шаруашылық салаларын қалыптастыруда маңызы зор . Сонымен бірге Қазақстан аумағы арқылы Ресейдің еуропалық бөлігінің оңтүстігі мен Ортлық Азия байланыс жүзеге асады . Қазақстанның жүкті барынша көп тасымалдайтын теміржолының бірі .

- ▶ Қазақстанның солтүстік - шығысынан оңтүстік - батысына қарай Семей - Алматы - Құлан - Тараз - Шымкент - Арыс теміржолы өтеді , оның Құлан - Семей арасындағы бөлігін
- ▶ **2. Түркістан – Сібір (Түрксіб) теміржолы** деп атайды .
- ▶ Бұл теміржол магистралі 1927 — 1930 жылдары салынды . Ұлы Отан соғысы жылдарында елдің ішкері аудандарына көптеген зауыттар мен фабрикаларды осы жол тасып жеткізді . Тың игеру жылдарында солтүстік аймақ осы жолмен бүкіл елімізге бидай тасымалдады . Түрксібтің салынуы Кенді Алтай мен Жетісу (Жоңғар) Алатауында энергияны көп қажет ететін түсті металлургияның дамуына , Қаратаудың фосфоритін игеруге , соның негізінде Тараз - Қаратау аумақтық - өндірістік кешенінің қалып тасуына зор әсерін тигізді .

- ▶ Қазақстанның орталық бөлігі арқылы солтүстіктен оңтүстікке қарай еліміздің солтүстік , орталық және оңтүстік аудандарын байланыстырып ,
- ▶ **3. Трансқазақстан**
- ▶ деп аталатын Петропавл — Ақмола - Қарағанды — Мойынты — Шу теміржолы тартылды . Бұл негізгі магистральдан Орталық Қазақстанның ішкі аудандарын , яғни Жарық стансысы арқылы Жезқазғанға , Мойынты стансысы арқылы Балқаш , Саяқ , одан әрі Ақтоғайға кететін тармақтар тартылған .
- ▶ Трансқазақстан теміржолын салудағы мақсат – Қарағанды көмір алабы мен Орталық Қазақстандағы мыс өнеркәсібінің жедел дамуына септігін тигізіп , Қазақстанның оңтүстік аудандары мен Орталық Азияны Сібірдің ағашымен , Солтүстік Қазақстанның астығымен және Қарағандының таскөмірімен қамтамасыз ету болды .

Жоғарыдағы аталған бойлық бағыттағы магистральдан басқа еліміз аумағы арқылы өтетін **2 ендік бағыттағы** транзиттік ірі теміржол магистральдары бар .

- ▶ Соның бірі – Орал экономикалық ауданының Қарталы стансы сынан басталып , Астана , Павлодар арқылы өтетін
- ▶ **1. Оңтүстік Сібір магистраліні**
- ▶ Одан әрі бұл жол Барнауыл арқылы Шығыс Сібірдің Тайшет қаласында Ұлы Сібір магистраліне қосылады .
- ▶ ұл магистраль Павлодар облысындағы ібастұз көмір алабының игерілуіне және оның энергетикалық ірі мен жылу электрстансылары негізінде Павлодар - Екібастұз умақтық - өндірістік кешенінің қалыптасуына әсер етті .

► Келесі ірі магистраль — Солтүстік Қазақстанның Комсомол — Қостанай — Көкшетау қалалары арқылы өтіп , одан әрі Қарасу мен Обтағы Камень стансысы арқылы Шығыс Сібірдің Тайшет стансысында Ұлы Сібір магистраліне қосылатын


► **2. Орта Сібір магистралі**

► Бұл магистральдан Торғай даласындағы Қостанай темір кенін игеруге арналған Қостанай — Тобыл - Лисаков , Жітіқара талшықтас кен орнына баратын Тобыл — Жітіқара , Торғай бокситіне баратын Есіл – Арқалық тармақтары тартылған .

► Орта Сібір магистралі Қазақстанның солтүстігінде тың және тыңайған жерлерді игеруге , астық шаруашылығын дамытуға мүмкіндік берді . Солтүстік Қазақстан аудандарынан астық және басқа да ауылшаруашылық өнімдерін басқа аудандарға шығарып , олардан машина , түрлі жабдықтар , жанармай , тыңайтқыш , ағаш , құрылыс материалдарын , халықтың тұтыну заттарын алуға жол ашылды

▶ Қосымша маңызды темір жолдар

- ▶ Батыс Қазақстандағы Атырау Қандыағаш - Ор теміржолы оны Орал экономикалық ауданымен байланыстырады . Бұл магистральға жалғастыра салынған Мақат - Бейнеу — Ақтау - Жаңаөзен теміржолы Маңғыстау облысының мұнай - газын игеруге мүмкіндік берді .
- ▶ Теджен Түрікменстан) — Мешхед (Иран) теміржол магистралінің бітпеген бөлігі - Пекин - Стамбұл іске қосылды . Жапонияның жеңіл детілген қарызын пайдалану арқылы салынған Ақтоғай - Достық теміржол байланысы да қызмет көрсете бастады . Бұл Трансазиялық теміржол магистралі деп аталады .
- ▶ Мешхед — Тегеран теміржол тармағы Орталық Азия елдері үшін сауда қатынасын іске асыруда негізгі жол болып отыр . Ол Ұлы Жібек жолының оңтүстік - батыс тармағы бағытымен жүреді .



Қазақстан теміржолының картасы

Негізгі инфрақұрылымдық жобалар

Р/с	Жобалар	Ұзақтығы, км	Құны, млрд теңге	Қаржыландыру көзі	Іске асыру мерзімі
Теміржол желілерін салу					
1	Өзен — Түрікменстан мемлекеттік шекарасы	146	61,7	Республикалық бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры	2009—2013 жж. іске қосылды
2	Қорғас — Жетіген	293	139,4	Республикалық бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры	2009—2011 жж. іске қосылды
3	Бейнеу — Жезқазған	1011,2	561	Республикалық бюджет	2012 ж. құрылысы басталды. 2016 ж. іске қосылады
4	Арқалық — Шұбаркөл	214	133	Республикалық бюджет	2012 ж. құрылысы басталды. 2015 ж. іске қосылады

▶ **Автомобиль көлігі .**

- ▶ Автомобиль көлігі жүрдек , анағұрлым ыңғайлы . Ол жақын қашықтыққа жүк пен жолаушы тасымалдайды . Басқа көлік түрлері бара алмайтын таулы аудандарда жүк пен жолаушы тасымалдауда жетекші орын алады . Өнеркәсіп пен ауыл шаруа шылығын байланыстырып , қала мен ауылдық елді мекендердегі жүк тасымалын жүзеге асырады . Қазақстан автомобиль жолының ұзындығы - мың км . Автомобиль жолдары республикалық деңгейдегі жалпы ұзындығы 22 , 2 % - ды құрайды және жергілікті деңгейдегі жол жалпы ұзындығы 77 , 8 % - ды құрайды) болып бөлінеді . Халықаралық маңызы бар жолдардың ұзындығы — 12 , 4 мың км .
- ▶ республикалық деңгейдегі ірі автомобиль жол Алматы - Бішкек - Тараз - Шымкент - Ташкент жылдары

► Су көлігі .

- Біздің елімізде су көлігі Ресей мен Украинадағыдай рөл атқармайды , себебі су қатынасы бар ірі өзендер еліміздің шет аймақтарымен ағып өтеді . Су жолы қатынасына Ертіс , Сырдария , Жайық . Іле және Есіл I өзендері , Бұқтырма , Өскемен , Шұлбі , Қапшағай су қоймалары , Балқаш және Жайсан көлдері қолайлы болып келеді .
- Қазақстан Каспи Түрікменстанмен арқылы Қара , стан Каспий теңізі арқылы Ресей , Иран , Әзірбайжан , станмен байланысқан . Ресейдің өзен және каналдар порты кара және Балтық теңіздерімен , одан әрі Батыс Еуропа елдерімен байланысады .
- Өзен жолынан і орынды Ертіс алады , оның ұзындығы - 1700 км .
- Ертіс өзенімен кен , тұз , құрылыс материалдары тасымалданады . жайық өзенімен Орал және Атырау қалалары арасындағы байланыс үзеге асырылып , ауылшаруашылық шикізаттары , тамақ өнімдері еткізіледі . Сырдария , Есіл өзендерінің кейбір бөліктері ғана кеме қатынасына пайдаланылады . Іле өзенінің Қапшағай су электрстансысы мен суқоймасын салғанша көліктік маңызы болды , елді мекендерге өнеркәсіп бұйымдары мен тамақ өнімдері жеткізілді . Қазір Іле өзенінің төменгі бөлігі жергілікті жол қатынасына пайдаланылады . Қапшағай суқоймасының халықтың демалуына және спорттық мақсатта маңызы елеулі . Өзен көлігімен тасылатын жүктерге минералдар , құрылыс мате риалдары , мұнай және оның өнімдері , тұз , астық , көмір жатады

▶ **Әуе көлігі .**

- ▶ Жолаушы тасымалында әуе көлігінің алатын орны зор Әуе көлігінің өзіндік құны қымбат болғанымен , жолаушы мен жүк өте алыс қашықтыққа тасымалдауда теңдесі жоқ көлік түрі
- ▶ Әуе көлігі жүк және жолаушы тасумен бірге егіс даласына минералды тыңайтқыш шашу , ормандағы өртті сөндіру , пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын барлау , балықтың мол қорын іздестіру , мұнай бұрғылау қондырғыларын орнату , халыққа жедел дәрігерлік жәрдем көрсету істерінде қолданылады .
- ▶ Қазақстанда 22 әуежай бар , соның 14 - і халықаралық тасымалды орындайды . Еліміздің 7 әуежайы халықаралық деңгейде болса , жалпы 12 әуежай қайта жөндеуді қажет етеді . Әуе жолы Еуропа мен Азия арасындағы жүк және жолаушы тасымалында маңызды орын алады . Қазақстанның ірі әуе компаниясы - " Эйр Астана " Астана , Алматы қалаларындағы және облыс орталықтарындағы әуежайлар халықаралық ұшақтарға қызмет етеді .

▶ **Құбыр желісі .**

- ▶ Республикамыздың құбыр желісі мұнай құбырлары мен газ құбырларынан тұрады Құбыр желісімен мұнайдың 60 % ал газ толығымен барлық жерде бірдей ғымен тасымалданады .
- ▶ Қазақстан аума на ең алғаш салынған мұнай құбыры ұзындығы 60 км - лік - Дос сор - Ракуша .
- ▶ Маң ғыстау түбегіндегі өндірілген мұнайды тасымалдау үшін ұзындығы 1500 км - лік Өзен - Жетібай - Ақтау және Өзен - Атырау - Самара құбыр жолдары тартылды



Қазақстанның газқұбыры картасы

Көлік түрлері бойынша жолаушы айналымы, % есебімен

